



**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің ректоры

Ж. Темирбекова  
19 » 09 2022 ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

**ЖҰМЫС НҰСҚАУЫ**

ЖН-СМЖ-023-2022


**БИЗНЕС-ИНКУБАТОР БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС  
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Коммерцияландыру офисімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков
3. Келісілді – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры  
А.Ошибаева  
– Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-ректоры  
П.Пилтен  
– Шаруашылық мәселелер вице-ректорының  
қызметін атқарушы Г. Байсенкул  
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов  
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының  
басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖП-СМЖ-023-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Бизнес-инкубатор бағыты бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 2 – беті

## 1. Қолдану саласы

1.1 Осы нұсқаулық университеттің стартап жобаларымен айналысатын білім алушыларды қолдау, стартап жобалардың санын, сапасын арттыру және олардың арасында кәсіпкерлікті ынталандыру болып табылады. Бизнес-инкубатор туралы осы нұсқаулық университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және университеттің құқықтық мәртебесін, міндеттері мен қызметтерін, құқықтарын, жауапкершілігін және басқа құрылымдық бөлімдермен өзара іс-қимылын айқындайды. Бұл нұсқаулықты қолдану және орындау университеттің барлық құрылымдық бөлімдері үшін міндетті.

## 2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Бұл нұсқаулық университет Жарғысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді;

2.2 Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтаc құқықтар туралы» Заңы;

2.3 Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

2.4 «Astana Hub халықаралық технологиялық паркі көрсететін қызметтерді қоспағанда, бизнес-инкубациялауды дамытуға жәрдемдесу жөніндегі қызметтерді көрсету, сондай-ақ осындай қызметтердің құнын айқындау» туралы қағидасы;

2.5 Осы Ережеде анықталмаған мәселелер Университеттің тиісті ішкі ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

## 3. Атаулар және қысқартулар

3.1 Осы нұсқаулықта төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

**Университет** - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

**Нұсқаулық** - Университеттің бизнес-инкубатор бағыты бойынша нұсқаулығы;

**Құрылымдық бөлімдер** – университеттің ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми-зерттеу орталықтары, факультеттері, департаменттері, орталықтары, коммерцияландыру офисі, кафедралары, ботаникалық бағы;

**Трекер** - стартап жобасына жетекшілік ететін, инкубациялық бағдарламаның процесін бақылайтын оқытушы, қызметкер;

**Білім алушылар** - студенттер, магистранттар, резиденттер, докторанттар;

**Стартап жоба** – идеядан-өнімге дейінгі болатын процесс;

**Инкубациялық бағдарлама** - кәсіпкерлікті қолдау нысаны, жобаның ең алғашқы кезеңінде ары қарай даму үшін қажетті ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз етеді және өз әрекеттері үшін жауапкершілікке қабілетті қатысушылар мен командаларды іріктейтін 1 семестрлік оқу курсы (силлабус);

**Инкубациялық сертификат** - инкубациялық бағдарламаны сәтті аяқтаған білім алушыларға БИ тарапынан берілетін сертификат, стартап жобаларды қолдау, дамыту мақсатында мемлекеттік мекемелер тарапынан ұйымдастырылатын гранттық конкурстарға қатысу үшін инкубациялық сертификаттың болуы міндетті;

**Университеттің ішкі конкурсы** – университеттің студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесіне сәйкес ұйымдастырылатын конкурс;

**Минималды өміршең өнім** - негізгі функцияны орындайтын, өзінің аз күш-жігерімен жасап тұтынушыларға ұсынатын идеалды емес өнім;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<i>ЖН-СМЖ-023-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Жұмыс нұсқауы</b>	
<b>Бизнес-инкубатор бағыты бойынша жұмыс нұсқаулығы</b>		8 беттің 3 – беті

**Минималды сатылатын өнім** - негізгі функцияны орындайтын, тұтынушыларға ұсынатын дайын аз мөлшердегі өнім.

#### **4. Бизнес-инкубатор бағытының жұмыс тәртібі**

4.1 Студенттік стартап жобалар және инкубациялық бағдарламаны өту үшін не істеу керек екендігі туралы білім алушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіледі, 1-қосымшаға сәйкес стартап жобалардың даму кезеңіндегі көрсеткіштерімен таныстырылады;

4.2 Оқу семестрі басталар алдында білім алушылар үшін инкубациялық бағдарламаға тіркелу басталады;

4.3 1 семестрлік инкубациялық бағдарлама курсы ұйымдастырылады;

4.4 Инкубациялық бағдарламадан сәтті өткен білім алушылар арасында, перспективасы бар, коммерциялық әлеуеті бар стартап жобалар үшін университеттің ішкі конкурсы ұйымдастырылады және оларға инкубациялық сертификат беріледі;

4.5 Конкурста инновациялық, коммерциялық әлеуеті бар перспективалы стартап жобалар анықталады;

4.6 Жеңімпаздар марапатталады, авторлармен құқықтарды реттейтін келісім-шарттар жасалынады;

4.7 Жұлделі перспективасы бар стартап жобалар Республикалық және Халықаралық конкурстарға қатысады;

4.8 Стартап жобаларды қолдау мақсатында университеттен және сырт көзден инвестиция тарту жұмыстары жүргізіледі;

4.9 Стартап жобаларды ары қарай дамыту үшін акселерациялық бағдарламаларға қатысады және табыс табу мақсатында қажеттілікке қарай университет жанынан стартап-компания құрылады.

#### **5. Міндеттері мен қызметтері**

##### **5.1 Бизнес-инкубатор міндеттері:**

5.1.1 Білім алушылардың стартап жобаларының санын және сапасын арттыру;

5.1.2 Барлық мамандықтардың факультеттері мен барлық оқу жылдары үшін инкубациялық бағдарлама оқу пәнін енгізуді ұсыну;

5.1.3 Түрлі салалардың стартап жобаларында бірлесіп жұмыс жасау үшін әртүрлі факультеттің білім алушыларын біріктіру;

5.1.4 Инкубациялық бағдарламасының процессін қадағалау, трекерге ақпараттық, құжаттамалық сүйемелдеу көрсету;

5.1.5 Білім алушыларды минималды өміршең өнім әзірлеуге үйрету және одан әрі акселерациялық бағдарламаларына қол жеткізуді қамтамасыз ету;

5.1.6 Барлық мамандықтардың білім алушылары мен ғылыми жобалармен жұмыс жасайтын білім алушылардың кәсіпкерлік дағдыларын дамыту;

5.1.7 Перспективалы, коммерцияландыруға әлеуеті бар стартап жобаларды корпоративтік акселераторлық бағдарламаларға қатысуын қамтамасыз ету;

5.1.8 Мемлекеттік бағдарламаларды орындау үшін білім алушылар арасында таланттарды іздеу және ашу.

##### **5.2 Білім алушылардың міндеттері:**

5.2.1 Кәсіпкерлік сауаттылықты дамыту мақсатында, инкубациялық бағдарламаға қатысуға өтінім беру, дайын стартап жобалар туралы белгіленген нысанда коммерцияландыру офисіне хабарлама беру;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<i>ЖН-СМЖ-023-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Жұмыс нұсқауы</b>	
<b>Бизнес-инкубатор бағыты бойынша жұмыс нұсқаулығы</b>		8 беттің 4 – беті

5.2.2 Инкубациялық бағдарламасын сәтті аяқтау, инкубациялық бағдарламасының сертификатын алу;

5.2.3 Конкурса қатысу үшін өтінімдер мен қажетті құжаттарды дайындау;

5.2.4 Университеттің ішкі конкурсында жеңімпаз атанып, қаржылай марапатталған кезде, ол қаржының кемінде 60% сол стартап жобаны ары қарай дамытуға жұмсау;

5.2.5 Стартап жоба туралы толық мәліметті бизнес-инкубатор бағытының қызметкерлеріне ұсыну;

5.2.6 Стартап жоба туралы ақпаратты үшінші тарапқа бермеу, қажеттілікке қарай құпиялықты сақтау;

5.2.7 Университеттің ішкі конкурсына және халықаралық, республикалық конкурстарға белсенді қатысу.

### **5.3 Трекердің міндеттері:**

5.3.1 Стартап жобасын қолдап, оны ары қарай дамытуға жетекшілік ету;

5.3.2 Аптасына кемінде 1-рет инкубациялық бағдарламаның қатысушыларымен кездесіп, командалық топтардың жұмысын бағалап, білім алушыларды шабыттандыра отырып, күш-жігер беріп отыру;

5.3.3 Білім алушылардан құралған стартап жобасының тобын ұйымшылдыққа үйретіп, жұмысты бірлікпен атқаруға шақыру;

5.3.4 Білім алушыларға стартап жобалардың минималды өміршең өнімге жетуі үшін, алдына мақсат қоюға көмектесу;

5.3.5 Әртүрлі басқару әдістерін енгізуге көмектесетін кеңесші ретінде жұмыс істеу;

5.3.6 Инкубациялық бағдарламаны енгізу, басынан аяғына дейінгі процессті бақылау және оны пысықтау, жақсы нәтижелер беруі үшін толықтырулар енгізу;

5.3.7 Бизнес-инкубатор бағытының қызметкерлеріне инкубациялық бағдарлама, стартап жоба туралы толық ақпаратты беріп, жұмыс барысымен таныстыру;

5.3.8 Командалық топтардың инкубациялық бағдарламаны сәтті аяқтауын және сапалы стартап жоба жасауын қамтамасыз ету;

5.3.9 Өз тарапынан перспективасы бар стартап жобалардың тізімін жасау, әр инкубациялық бағдарлама ағынына қажетті құжаттарды, бағдарламаға қатысқан білім алушылардың тізімі, командалық топтар туралы, бағалау жүйесі туралы ақпарат дайындау;

5.3.10 Перспективалы инновациялық жобаларды университет атынан республикалық, халықаралық конкурстарға қатысуын қамтамасыз ету;

5.3.11 Университеттің ішкі конкурстарын ұйымдастыруға ат салысу.

### **5.4 Бизнес инкубатор қызметтері:**

5.4.1 Инкубациялық бағдарламаға тіркелген студенттерге дәрістер мен практикалық сабақтар өткізуді қамтамасыз ету;

5.4.2 Инкубациялық бағдарламасын толық сәтті аяқтаған, перспективасы бар стартап жобалары үшін университеттің ішкі конкурсын ұйымдастыру;

5.4.3 Инкубациялық бағдарламаны сәтті аяқтаған стартап жоба командасына бизнес-инкубатор сертификатын табыстау;

5.4.4 Табысты кәсіпкерлерді шақырып, білім алушыларға арнап тренингтер, семинарлар ұйымдастыру;

5.4.5 Стартап жобаларды корпоративтік акселератор бағдарламасына қатыстыру үшін, ірі акселерациялық компаниялармен өзара меморандумдар, келісім-шарттар жасау;

5.4.6 Қалалық, республикалық және халықаралық ауқымдағы өзекті конкурстар мен іс-шараларға белсенді қатысуды ұйымдастыру;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<i>ЖН-СМЖ-023-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Жұмыс нұсқауы</b>	
<b>Бизнес-инкубатор бағыты бойынша жұмыс нұсқаулығы</b>		8 беттің 5 – беті

5.4.7 Стартап жобаларды қолдайтын мемлекеттік және жеке мекемелермен/ұйымдармен тұрақты байланыста болу, бизнес-инкубатор бағытында жұмыстарды дамыту;

5.4.8 Мемлекеттік мекемелер тарапынан бизнес-инкубатор бағытын ынталандыру және қолдау шаралары аясында қаржыландыру тетіктері бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

5.4.9 Мемлекеттік мекемелер тарапынан бизнес-инкубатор бағыты қаржыландырылғанда, түскен қаржыны басқару, шығындар сметасын жасау;

5.4.9 Бизнес-инкубатор қызметі туралы ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жыл сайынғы есептерді дайындау.

### **5.5 Білім алушылардың қызметтері:**

5.5.1 Бәсекеге қабілетті жобалық команда құру;

5.5.2 Ғылымға негізделген экономиканың басым секторларын дамытуға бағытталған прогрессивті және инновациялық жоба жасау;

5.5.3 Стартап жобаның әлемдік деңгейдегі қандай мәселелерді шешуге арналғандығын анықтау;

5.5.4 Біріккен ұлттар ұйымының тұрақты даму мақсаттарын ұстану;

5.5.5 Стартап жобаның мақсаты мен міндеттерін нақты көрсету;

5.5.6 Стартап жоба аясында нарық пен сала жағдайына талдау жұмыстарын жүргізу;

5.5.7 Стартап жобаның қаржылық жоспарын дайындау, шығындар сметасын жасау, жоба мерзімін анықтау;

5.5.8 Бизнес-модельді дайындау;

5.5.9 Жобаның коммерциялық әлеуетін көрсету;

5.5.10 Технологиялық, маркетингтік, күнтізбелік жоспарларын әзірлеу, минималды өміршең өнімді жасау;

5.5.11 Стартап жоба жоспарын дайындау барысында тәуекелдерді қарастыру, технологиялық тәуекел, қаржылық тәуекел, экономикалық тәуекел;

5.5.12 Жобаны өз өндірісіне ендіре білу мүмкіндігін көрсету.

### **5.6 Трекердің қызметтері:**

5.6.1 Жаңа стартап жобаларын іске асыру үшін нәтижеге жету жолдары мен мүмкіндіктерін анықтау және білім алушыларды онымен таныстыру;

5.6.2 Білім алушылардың стартап жобасының кемшіліктері мен қателіктерін анықтап, оны толықтыру, түзету жолдарын іздеу;

5.6.3 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде жетекшілік ете отырып, жаңа әдістерді білім алушыларға үйрету;

5.6.4 Білім алушыларға әр апта сайын тапсырмалар беріп, оны уақытылы орындалуын қадағалау;

5.6.5 Стартап жобалардың санын және сапасын арттыру.

## **6. Құқықтары**

### **6.1 Бизнес-инкубатор құқықтары:**

6.1.1 Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен және оның еншілес ұйымдарымен, университеттің ішкі жергілікті актілеріне сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық және басқа да сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттесуге;

6.1.2 Ғылым және стратегиялық даму вице-ректорының келісімі бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелерінен бизнес-инкубатор жұмысына қажетті

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<i>ЖН-СМЖ-023-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Жұмыс нұсқауы</b>	
<b>Бизнес-инкубатор бағыты бойынша жұмыс нұсқаулығы</b>		8 беттің 6 – беті

ақпаратты сұрауға, сондай-ақ бизнес-инкубаторға жүктелген функциялар мен өкілеттіктерге сүйене отырып, осы сұраныстардың орындалуын талап етуге;

6.1.3 Бизнес-инкубатор қызметіне қатысты мәселелер бойынша конференциялар мен жиналыстарда ұсыныстар ұсынуға;

6.1.4 Жұмысқа байланысты мәселелерді талқылау және шешу кезінде мәжілістерге қатысу, жұмысқа қажетті барлық ақпарат пен мәліметтерді алуға;

6.1.5 Жұмыс істеу және қажетті құжаттарды дайындау үшін жүктелген бизнес-инкубатор функциялар мен өкілеттіктерге сүйене отырып, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және ғылым және стратегиялық даму вице-ректорының келісімі бойынша қызметкерлерді тартуға;

6.1.6 Бизнес-инкубатор құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тапсырмалардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

6.1.7 Бизнес-инкубатор құзыретіне сәйкес, өз қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге, белгіленген тәртіпте іс-сапарларға баруға;

6.1.8 Құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы ақпарат алуға, университеттің шешімдерімен және басқа ішкі құжаттарымен танысуға;

6.1.9 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

## **6.2 Білім алушылардың құқықтары:**

6.2.1 Инкубациялық бағдарламаны сәтті аяқтап, инкубациялық сертификат алуға және университеттің ішкі конкурстарына қатысуға;

6.2.2 Бизнес-инкубатор қызметкерлерінен конкурстың шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;

6.2.3 Конкурстың тақырыбымен алдын-ала танысуға, конкурсқа қатысу талаптарын зерделеуге;

6.2.4 Жоба авторлары ретінде бизнес-инкубатор бағыты бойынша өтетін жиналыстарға қатысуға, қажетті құжаттарды рәсімдеуге;

6.2.5 Университет атынан Республикалық, Халықаралық конкурстарға қатысуға;

6.2.6 Конкурстарда жүлделі орындар алғаны үшін сыйақы алуға;

6.2.7 Жобалық топ құру үшін, топтың құрамын толықтыру, пысықтау мақсатында басқа факультеттермен байланыс орнатуға;

6.2.8 Стартап жобаны дамытып, соның аясында түскен табыстан жоба авторы ретінде белгіленген тәртіпте өз үлесін алуға құқылы.

## **6.3 Трекердің құқықтары:**

6.3.1 Бизнес-инкубатор қызметіне қатысты мәселелер бойынша конференциялар мен жиналыстарға қатысуға;

6.3.2 Жұмысқа байланысты мәселелерді талқылау және шешу кезінде мәжілістерге қатысу, жұмысқа қажетті барлық ақпарат пен мәліметтерді алуға;

6.3.3 Жобалық топтар туралы толық ақпарат алуға;

6.3.4 Стартап жобаның дұрыс орындалуы, дамуы үшін өз ықпалын тигізуге;

6.3.5 Инкубациялық бағдарламаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар беруге;

6.3.6 Бизнес-инкубатор бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлім басшысының келісімімен университет атынан, стартап жобаларды Республикалық, Халықаралық конкурстарға қатыстыруға;

6.3.7 Өз біліктілігін арттыру мақсатында, семинар, тренингтерге қатысуға;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-023-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Бизнес-инкубатор бағыты бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 7 – беті






6.3.8 Жобалық топтар ішкі, республикалық және халықаралық конкурстарда жеңімпаз болған жағдайда, егер жобалық топ жеңімпаз ретінде ақшалай сыйақы алатын болса, онда трекер сыйақының 10 пайыз мөлшерін алуға құқылы.

## 7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1 Осы нұсқаулық талаптарының енгізілуіне Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен коммерцияландыру офисі, университеттің білім алушылары және университеттің басқада құрылымдық бөлімдері айналысады.

7.2 Осы нұсқаулық талаптарын орындамаған немесе сол талаптардың орындалуын қамтамасыз етпеген жағдайда құрылымдық бөлімдердің бірінші басшылары әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

### КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры		А. Ошибаева
Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті		П. Пилтен
Шаруашылық мәселелер вице-ректорының қызметін атқарушы		Г. Байсенкул
Заң бөлімінің басшысы		Г. Мусаханов
Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы		Ж. Дарибаев

Қожа Ахмет Ясаун атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЖИ-СМЖ-023-2022

Сапа менеджментінің жүйесі

Жұмыс нұсқауы

Бизнес-инкубатор бағыты бойынша жұмыс нұсқаулығы

8 беттің 8 – беті

### Қосымша 1

#### Стартап жобаларды дамыту кезеңдері

	Идея+инкубация	Акселерация	Стартап	Ерте даму	Даму
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	4-кезең	5-кезең
<b>Өнім</b>	MVP (минималды өміршең өнім)	MSP (минималды сатылатын өнім)	нарыққа шығару	нарықта орнын табу	нарықтағы көшбасшылық
<b>Бизнес-модель</b>	дайындау	тестілеу/сынау	дайын	процессте	процессте
<b>Сату</b>	-	сатулы бастау	сатылымның өсуі	шығындарды ақтау	жоғары табыс табу